

**Субсидияланатын отандық тыңайтқыштардың түрлерін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 272 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қарашада № 2839 болып тіркелді. Күші жойылды – Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 97 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облысы әкімдігінің 31.03.2016 № 97 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына және "Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11223 болып тіркелген) сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын отандық тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына ( килограмына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;  
2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. "2015 жылға субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына), тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 73 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2648 болып тіркелген, 2015 жылдың 11 маусымында "Ақ жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Нұралиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*К. Көкрекбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

19.11.2015 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "16" қараша  
№ 272 қаулысына қосымша

**Субсидияланатын отандық тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары**

№	Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	1 тоннаға (литр, килограмм) субсидиялар нормалары, теңге
1.	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	50	28 900
2.	Аммофос (N-10%; P2O5-46%)	тонна	50	45 000
3.	Жай суперфосфат (P2O5-19%)	тонна	50	24 500
4.	Фосфоритті ұн (P2O5-17%)	тонна	50	8 210
5.	Хлорлы калий (K2O-42%; KCL-65%)	тонна	50	44 000
6.	Күкірт қышқылды калий (K2O 50%)	тонна	50	106 000
7.	Азотты-фосфорлы-калийлі кешенді минералды тыңайтқыш (NPK қосындысы)	тонна	50	54 000
8.	"Супрефос-NS" азот-күкірт құрамды супрефос	тонна	50	43 500

9.	"В" маркалы суперфосфат (P-15%: K2O-2%)	тонна	50	21 281
10.	Аммоний сульфаты	тонна	50	13500
11.	Кальций нитраты Yara Liva Calcinit	тонна	50	89000
12.	Kristalon Cucumber 14-11-31	тонна	50	260500
13.	Kristalon Special 18-18-18	тонна	50	218000
14.	Kristalon Red 12-12-36	тонна	50	233000
15.	Kristalon Yellow 13-40-13	тонна	50	254500

**Субсидияланатын шетелдік тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидиялардың нормалары**

№	Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	1 тоннаға (литр, килограмм) субсидиялар нормалары, теңге
1.	Карбамид (N-46,3%) (Ресей, Өзбекстан)	тонна	30	28200
2.	"Б" маркалы карбамид (Өзбекстан)	тонна	30	21900
3.	КАК (сұйық тыңайтқыш N-27-33%) (Өзбекстан)	тонна	30	16 500
4.	Капролактамы аммоний сульфаты (N-21%) (Өзбекстан)	тонна	30	17 700
5.	Нитроаммофоска (N-15: P-15: K-15) (Ресей)	тонна	30	36 000
6.	Нитроаммофоска (N-16: P-16: K-16) (Ресей)	тонна	30	38 100
7.	Аммиакты селитрасы (N-34,4%) (Ресей, Өзбекстан)	тонна	30	20700
8.	"Б" маркалы аммиакты селитрасы (N-34,4%) (Өзбекстан, Ресей)	тонна	30	20700
9.	Аммофос (N-12%- P-205-52%) (Ресей)	тонна	30	42 000
10.	Калий сульфаты (Krista SOP) (Нидерланд)	тонна	30	80 400
11.	Магний сульфаты (Krista Mgs) (Нидерланд)	тонна	30	53 700
12.	Krista MAG (магний нитраты) (Нидерланд)	тонна	30	69 300
13.	Krista K Plus (калий нитраты) (Нидерланд)	тонна	30	102 600
14.	Krista МКР (монокалий фосфаты) (Нидерланд)	тонна	30	159 000

15	Минералды тыңайтқыш НУТРИВАНТ, Плюс Дәндік (Израиль )	килограмм	30	450
16	Минералды тыңайтқыш НУТРИВАНТ, Плюс майлы (Израиль)	килограмм	30	450
17	Минералды тыңайтқыш НУТРИВАНТ, Плюс Картоп (Израиль )	килограмм	30	450
18	Минералды тыңайтқыш НУТРИВАНТ, Плюс Әмбебап (Израиль)	килограмм	30	450
19	YaraVita Rexolin D12, темір хелаты DTRA (Нидерланд)	килограмм	30	804,9
20	YaraVita Rexolin Q40, темір Хелаты EDDHA (Нидерланд)	килограмм	30	745,5
21	YaraVita Rexolin Cu15, мыс хелаты EDTA (Нидерланд)	килограмм	30	803,7
22	YaraVita Rexolin Mg13, марганец хелаты EDTA (Нидерланд)	килограмм	30	594,3
23	YaraVita Rexolin Zn15, мырыш хелаты EDTA (Нидерланд)	килограмм	30	594,3
24	Yara Vita Tenso Cocktail (Нидерланд)	килограмм	30	799,5
25	YaraVita Rexolin APN (Нидерланд)	килограмм	30	761,7
26	YaraVita Rexolin ABC (Нидерланд)	килограмм	30	636,9
27	YaraLiva Brassitrel (Нидерланд)	килограмм	30	367,5